

Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі және экология орталығы

«Бекітілді»
ОБЖТжЭО директоры
_____В.П. Фомин

«Келісілді»
Туризм және қауіпсіздік маршруттар бөлімінің меңгерушісі
_____К.Е.Неталиева

«Рубин» туристік үйірмесінің бағдарламасы

2019- 2020 оқу жылы

Қосымша білім беру педагогы:

А.А.Кенжеғалиев

2019 – 2020 оқу жылы

«Рубин» бағдарламасының тақырыптық жоспары

2019-2020 оқу жылы

№ р/с	Сабақтың тақырыбы	Сағаттар саны		
		Барлығы	Теориялық	Практикалық
1	Туризм әліппесі	28	18	10
2	Спорттық бағдарлау	18	14	4
3	Спорттық туризм	18	6	12
4	Шаңғы туризмі	42	8	34
5	Өлкетану	12	8	4
6	Экология	12	10	2
7	Туристік жорықтар	14	4	10
Барлығы		144	70	74

Бағдарлама

1. Кіріспе сабақ. Туризм әліппесі:

Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері. Туризмнің пайда болуы және оның даму тарихы, Көне дәуірдегі, орта ғасырлардағы және кеңес кезіндегі туризмнің қалыптасуы. Туризмнің негізгі түсініктері мен терминдері. Туризмнің жұмыс формалары мен түрлері, олардың классификациясы, анықтамалары.

Үйірмешілерге берілетін разрядтар мен атақтар. Сабақтың мерзімділігі. Сабақты бастау үшін қажетті керек-жарақтар, киімдер мен аяқ киімдер.

Туризмдегі қауіпсіздік ережелері: Туристік құрал – саймандармен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік, Маршруттағы қауіпсіздік, Көліктегі қауіпсіздік, Алау басында, отын дайындау кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. Туристік құрал – саймандармен жұмыс кезіндегі, жеке және командалық сақтандыру орындау кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру.

2. Спорттық бағдарлау

Спорттық бағдарлау тарихы. Жалпы туризм тарихы, туризм мен спорттық бағдарлаудың байланысы. Ежелгі саяхатшылар.

Қауіпсіздік ережелері. Жаттығу кезіндегі, жолдан өту кезіндегі, көліктегі, жорықтағы, суға шомылу кезіндегі т.б қауіпсіздіктермен таныстыру

Қазақстандағы спорттық бағдарлау (бағдарлау туралы қысқаша түсінік) Спорттық бағдарлауға спорттың бір түрі ретінде сипаттама. Спорттық бағдарлау денені шыңдау, шынықтыру және сауықтыру құралы.

Бағдарлаушының топографиялық дайындығы. Компас түрлері, жұмыс жасау негіздері. План, карта. Топографиялық және спорттық карталар, масштабтар. Картадан қашықтықтарды анықтау.

Практикалық тапсырма: Карта түрлерімен танысу. Картадан арақашықтық анықтау дағдысын бекіту.

Шартты белгілер түрлері. Жергілікті белгілердің картада бейнеленуі.

3. Спорттық туризм

Спорттық туризм түрлері: тау туризмі, шаңғы туризмі, жаяу және су туризмімен жалпы таныстыру. Туристік көп сайыстар түрлері. Олардың ерекшеліктерімен таныстыру.

Туристік жорықтарды ұйымдастыру және өткізуге байланысты негізгі мәселелер. Туризмнің қолайлы және негізгі формаларының бірі болып табылатын жорықтардың түрлерімен таныстыру. Жорықтарға арналған құрал-жабдықтар.

Арқан – жіптер, олардың құрылысы, қолданылуы. Туризмге қажетті жарақтар: Арқан жіптердің түрлерімен, диаметрімен, құрлысымен, қасиеттерімен таныстыру. Сондай-ақ қолдану барысында және сақтау кезінде күтіп баптау. Туристің жеке және топтық жарағы, аптечка жиынтығы, жөндеу жиынтығы т.б. құралдарды көрсетіп әрқайсысына сипаттама беру.

4. Шаңғы туризмі

Шаңғы туризміндегі қауіпсіздік ережелері. Кейбір пайдалы ұсақ – түйектер. Қысқы туризмге керекті құрал –саймандар. Қысқы палаткалар және олардың түрлері. Ұйықтайтын қаптар, олардың құрылысы және кілемшелер (изолирующие коврики). Қысқы киім кешектер, аяқ киім, бағдарлаушының киімі. Шаңғылар мен қысқы аяқ киімдерді майлау әдістері

Шаңғыда тұру, құлау. Берілген қашықтыққа дистанция сақтай отырып жүру. Қысқы бағдарлау ерекшеліктері. Шаңғымен кедергілер арқылы өту. Шаңғымен түсу, көтерілу, кедергілер арқылы өту, қысқы бағдарлау. Шаңғымен табиғат аясына саяхат

5. Өлкетану

Өлкетанудың негізі мен міндеттері. ТМД елдеріндегі және Қазақстандағы өлкетану қызметі тарихы. «Өлкетану» ұғымының әр кезеңдегі мазмұны. Өлкетанудың объектілері мен маңызды бөлімдері. Өлкетану жұмыстарын жүргізетін мекемелер мен ұйымдар.

Өлкетану және туризм. Туристік өлкетану қызметі. Пәнаралық байланыс. Өлке жайында түсінік - өлкетану қызметінің пәні ретінде . Жалпы өлкетанудың негізгі кезеңдері мен әдістері.

Тарихи өлкетанудың алатын орны. Зерттеу пәні мен әдістері. Тарихи өлкетану, оның бағыттары (түрлері): жалпы тарихи, әскери тарихи, археологиялық, этнографиялық, туристік танымдық - тәрбиелік аңызы.

6. Экология

Экология және туризм. Далалық зерттеу кезінде тау жыныстарының жер бетіне шығып жатқан белгілері жүйелі, жан-жақты зерттеліп, олардың құрамы, жасы, тегі, пішіні, астау элементтері, геол. шекаралары анықталып, топогр. картаға түсіріледі.

Гидрогеология – жер асты суларның пайда болуын, химиялық құрамын және олардың динамикалық қозғалысын, ал инженерлік геология – әр түрлі

құрылыс объектілерін салу барысында жер қыртысының жоғарғы қабаттарының құрылымдық ерекшеліктерін зерттейтін ғылым.

7. Туристік жорықтар

Туристік саяхаттар түсінігі және оның маңызы: БҚО бойынша саяхат – жас туристерді бейімдейтін. Көп ұлтты отанымызды мақтаныш сезімімен тәрбиелейтін қызғылықты жорық. Туристік жорықтар, саяхаттар, экскурсияларда мектеп оқушылары өздерінің географиялық, экологиялық, тарих өлкенің өткендегі және қазіргі өмірімен, оның адамдарымен танысады. Жас туристер шыңдалып, жыл бойына туристік-өлкетанулық білімдер жинайды және бойларына туристік дағдыларды, біліктіліктерді меңгереді. Туристік саяхаттар оқушыларды сауықтырудың ең негізгі үлгісі болып табылады, туризммен айналушылардың жан-жақты дене бітімінің денгейін көтеруге, спорттық шеберлігін арттыруға ықпал жасайды.

ТУРИЗМ

Түсініктеме хат

Үйірмешілерге негізінен тау туризмі бойынша туристік дағдыларды меңгертумен қатар, демалыс күнгі жорықтар өткізу, қыс мезгілінде – шаңғы туризмі техникалары, жаз кездерінде жаяу туризм, вело туризм техникаларынан, спорттық бағдарлау бойынша сабақтар жүргізу. Сонымен қатар үйірме мүшелері ОБЖТЖЭ орталығымен және басқа да туристік ұйымдардың ұйымдастыруымен өткізілетін көпшілік шараларға қатысып отырады.

Үйірме сабақтарында, жорықтарда, саяхаттар мен экскурсияларда жас туристер мыналарды үйренуі керек:

- Саяхат жоспарын құру және жол бағыты жұмысын жүргізу;
- Байқағандарын белгілеу;
- Таныс емес жерлерді картаның, компостың көмегімен жергілікті заттардыңсан алуан ерекшеліктерін, бағытын белгілеу;
- шатыр құру, алау жағу, тамақ дайындау, қарапайым туристік құралдарды әзірлеу, үйірменің мақсаты - туристік ұйымдастырушыларды туризм слетілерін, мектеп жарыстарын өткізуге дайындай білу;
- Тау туризмі техникасын меңгеру;
- Жіп байлау түрлеріне үйрену және т.б.

«Туризм» үйірмесінің сабағы тәжірибелік түрде қаралған, бірақ бірқатар бөлімі лекция және семинар түрінде өтіледі. Сабақ жоспарын құрғанда әр уақытта оқушылардың алдына қол жететін мақсат қызғылықты объектіге экскурсия, түнеумен жорыққа шығу тұруы, үйірмешілік, облыстық және республикалық жарыстарға шығып тұру қажет. Сонымен бірге сабақтың жетекші мақсаты жазғы және қысқы көпкүндік саяхаттар екенін оқушылардың жақсы түсінуі қажет. Үйірмеде барлығы 144 сағат оның ішінде 70 сағат теориялық сабақ, 74 сағат практикалық сабақ.

Бағдарламаның мақсаты – Үйірме мүшелеріне туристік дағдыларды жетілдіру, туристік жорықтардағы қатысушылардың міндеттерімен таныстыру, туған өлкемен таныстыру және спорттық шеберін өсіру үшін жарыстарға қатыстыру. Таулы өлкелерде жүру мен командалық сақтандыруды ұйымдастыру әдістерін меңгеру. Бағдарламаны орындау барысында үйірмешілер туристік және өлкетану бағыты бойынша білім беретін үйірмелерде одан әрі білім алуға мүмкіндік беретін іскерлік дағдыларын игеруге міндетті.

Аталған қосымша білім беру бағдарламасы туристік-өлкетану бағытындағы үйірмеде білім алушы жалпы білім беретін мектептің жоғарғы топ оқушыларына және кәсіптік мектеп оқушыларына арналған. Сондай ақ оқу жылы аяғына үйірме мүшелерінің өзін өзі және командалық сақтандыруды ұйымдастыра білуге, табиғи кедергілерден туристік құрал саймандарды қолданып қауіпсіз өте білуге, жорық кезінде топ мүшелерінің үйлесімді, облыстық, республикалық жарыстары жұмысының нәтижесімен анықталады.

Бағдарламаны іске асыру шарттары

Аталған бағдарламаны орындаумен қатар нәтижелі жұмыс атқару үшін төмендегідей материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету қажет:

- сабақ жүргізетін оқу кабинеті және іс-шараларды өткізуге арналған залдар (скаладром);
- жолдорбалар; төсек-қап (спальный мешок);
- шатырлар;
- арқан жіптер;
- жумарлар, дюльферлер
- карабиндар
- туристің жеке сақтандыру жүйесі
- каскалар, қолғаптар

Күтілетін нәтиже

Білім алушылардың практикалық қызметінің нәтижесі жасөспірімдер мен жастардың экологиялық тәрбие деңгейімен және күнделікті өмірдегі салауатты жүріс-тұрыстарымен, сонымен қатар қатысушылардың қалалық, облыстық, республикалық туристік сайыстардағы көрсеткіштерімен анықталады. Сондай ақ оқу жылы аяғына үйірме мүшелерінің өзін өзі және командалық сақтандыруды ұйымдастыра білуге, жорық кезінде топ мүшелерінің үйлесімді жұмысының нәтижесімен анықталады.

Жеке тұлғаның жан – жақты дамуын қамтамасыз ететін игі міндеттерінің бірі және өзін - өзі танудағы ең үздік жол – бұл туристік жорықтар, саяхаттар, экскурсиялар, және экспедициялар өсіп келе жатырған жас ұрпаққа өздерінің интеллектуалдық деңгейін өсіруге, көзқарасын дамытуға, айналдырадағы қоршаған ортаны қабылдауға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға, денсаулықты шыңдауға мүмкіндік береді.

Жорық кезінде оқушылар жергілікті жерлердің мақтан тұтарлық ғимараттары мен ескерткіштердің тарихымен танысуда туған өлкесінің өткені мен бүгінін, мәдени мұрасын қалыптастыру, іздестіру жұмыстарын жүргізу мүмкіндігі болады. Ендеше сондай жорықтардың ішінде қызығы мен қиындығы қатар жүретін, көпшілікке белгілі қысқы серуен – шаңғы жорығына тоқтала кетейік.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Основы техники и тактики активных видов туризма. *А.Х. Хасенов*
2. Туризм және өлкетану негіздері. *Мазбаев О.Б, Атейбеков Б.Н., Асубаев Б.К.*
3. Введение в туризм. *М.Б. Биржанов*
4. Безопасный отдых и туризм. *С.С. Солаев*
5. Жас туристерге кеңес. *Т.Қ. Жездібаев*
6. Туризм. *В.И. Курилова*
7. История туризма Казахстана. *Ю.С. Накатков*
8. На маршруте туристы- следопыты. *А.А. Остапец*

Қосымша әдебиеттер

9. История туризма *Г.Ф. Шаповал*
10. В помощь организаторам и инструкторам туризма. *И.В. Васильев*
11. Подготовка скалолаза. *А. Е. Пиратинский*
12. Словарь – справочник альпинистских, туристских и краеведческих терминов. *Т.Қ. Жездібаев*
13. Горный туризм. *А. Вододохов*